

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрлау институты

«Роботтық техника және автоматиканың техникалық құралдары» кафедрасы

Досаев Аман Сердалыұлы

«Күн шағын электр станциясын жобалау»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071600 – Аспап жасау мамандығы

Алматы 2020



Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрлау институты

«Роботтық техника және автоматиканың техникалық құралдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ

РТжАТҚ кафедра меңгерушісі

техника ғылым кандидаты



Қ.А. Ожикенов

«23» мамыр 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Күн шағын электр станциясын жобалау»

5B071600 – Аспап жасау мамандығы бойынша

Орындады

Досаев Аман

Ғылыми жетекшісі
Физ.-мат. ғыл. канд.,
қауымдастырылған профессор

Алдияров Н.У.

« 23 » мамыр 2020 г.

Алматы 2020



Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрлау институты

«Роботтық техника және автоматиканың техникалық құралдары» кафедрасы

5B071600 – Аспап жасау

БЕКІТЕМІН

РТжАТҚ кафедра меңгерушісі
техника ғылым кандидаты



Қ.А. Ожикенов
«23 » қантар 2020 ж.

ТАПСЫРМА

дипломдық жұмысты орындауға

Білім алушыға Досаев Аман Сердалыұлы

Тақырыбы: Күн шағын электр станциясын жобалау

Университет ректорының бұйрығымен бекітілген №726-б «27» қантар 2020 г.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «15» мамыр 2020 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: екі осьті Күн трекерін жасау болып табылады. SPA алгоритмін жүзеге асыратын басқару моделін және бағдарламасын жазу.

Дипломдық жұмыста әзірленуге жататын мәселелер тізімі:

- а) Көкжиекте Күн координатасын анықтайтын формула алу;
- б) Proteus бағдарламасында жүйенің принципіалды схемасын ;
- г) AVR Studio4 бағдарламасында жүйенің жұмыс кодын жазу;

Графикалық материалдың тізбегі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

10 слайд

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 20 әдебиеттер тізімі

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, әзірленетін сұрақтар тізбесі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескертпелер
Теориялық бөлім	22.01 – 15.02.2020 ж.	Орындалды
Есептеу бөлімі	22.01 – 15.02.2020 ж.	Орындалды
Бағдарламалық бөлім	15.03 – 20.04.2020 ж.	Орындалды
Зерттеу бөлімі	15.03 – 20.04.2020 ж.	Орындалды
Қорытынды бөлім	15.03 – 20.04.2020 ж.	Орындалды

Аяқталған дипломдық жобаға және оған қытысты бөлімдерінің кеңесшілері мен қалып бақылаушының

ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекшілер, кеңесшілер, (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қол
Қалып бақылаушы	Ж.С.Бигалиева, техника ғылымдары магистрі, лектор	23.05.2020 ж.	

Ғылыми жетекшісі



Алдияров Н.У.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Досаев А.С

Күні «23» мамыр 2020 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада фиксацияланған күн панелінің төмен ПӘК көрсеткішін арттыру мақсатында, Күн трекер жүйесі ұсынылады. Күн трекерлерінің әр параметрі бойынша жіктелуі және тиімді қолдану аймақтары келтірілген. Аспан механикасын зерттеу барысында Жердің кез келген нүктесінен, шын уақытта Күн координатасын анықтайтын формулалар алынды. Proteus бағдарламасында дайын модульдар бойынша Күн трекерінің моделі құрастырылды. SPA алгоритмінің логикасы негізінде ассемблер тілінде жобаның жұмыс коды жазылды.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте предлагается система солнечного трекера с целью повышения показателя низкой КПД фиксированной солнечной панели. По каждому параметру солнечного трекера приведены классификация и область эффективного использования. При исследовании небесной механики были получены формулы, определяющие в настоящее время координаты Солнца из любой точки Земли. В программе Proteus была разработана модель солнечного трекера по готовым модулям. На основе логики алгоритма SPA записан рабочий код проекта на языке ассемблер.

ABSTRACT

The diploma project proposes a solar tracker system to improve the low efficiency of a fixed solar panel. For each parameter of the solar tracker, the classification and zones of effective use are shown. In the study of celestial mechanics, formulas were obtained that currently determine the coordinates of the Sun from any point on Earth. The Proteus program developed a model of a solar tracker based on ready-made modules. Based on the logic of the SPA algorithm, the working code of the project is written in Assembly language.

МАЗМҮНҮ

Кіріспе	9
1 Күн бақылау жүйесінің жіктелуі және негізгі компоненттері	10
1.1 Бір осьтік трекерлер	10
1.1.1 Горизонталды бір осьті трекер (HSAT)	10
1.1.2 Көлбеу модульдері бар горизонтальді бір осьті трекерлер (HTSAT)	11
1.1.3 Вертикальды бір осьті трекерлер (VSAT)	12
1.1.4 Көлбеу бір осьті трекерлер (TSAT)	13
1.1.5 Бір осьті полярлықты түзету трекерлері (PSAT)	13
1.2 Екі осьтік трекер	13
1.2.1 Екі осьтік трекер Tip-Tilt (TTDAT)	14
1.2.2 Азимут-биіктік екі ось трекері	15
1.3 Күн трекерінде қолданылатын жетек.	16
1.3.1 Электр жетегі	16
1.3.2 Гидрожетек	16
1.3.3 Пассивті жетегі	17
1.3.4 Бақылау бойынша нұсқаушы	17
1.4 Күн трекерінің басқару тәсілі бойынша жіктелуі	17
2 Аспан механикасы бойынша күннің азимутын және зенитін есептеу	19
2.1 Аспан сферасының негізгі сызықтары	19
2.2 Координаталық жүйелер	20
2.3 Алматы қаласы үшін күн шырағының координатасын есептеу	24
3 Күн жүйе макетінің схемасы	25
3.1 Трекердің функционалдық схемасы	25
3.2 Трекердің принципіалды схемасы	26
3.3 Трекердің жұмыс алгоритмі	30
3.4 Ассемблер тілінде бағдарламаға шолу	31
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	

Әлемдік экономикада электр энергиясына деген сұраныс артуын және көміртек қорларының шектеулігіне байланысты проблемалық ушығуы, балама энергияға деген қызығушылықтың артуына алып келді. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану энергетикада пайдалы қазбаларды өндіруге және пайдалануға байланысты қауіптерді азайтуға, сондай-ақ дәстүрлі энергетиканың қоршаған орта мен климатқа зиянды әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Жаңартылатын энергия көздері көмірсутектер қорларын болашақ ұрпаққа сақтауды және оларды басқа да энергетикалық емес мақсаттар үшін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Күн энергиясы жаңартылатын энергия көздеріне жатады. Жер бетіне түсетін күн сәулесінің қуаты адамзаттың энергияға деген ағымдағы қажеттілігінен бірнеше есе асып түсетіні белгілі. Жаңартылатын энергия көздерін дамытуға негізгі кедергілер жоғары үлестік күрделі шығындар және соның салдарынан электр энергиясына жоғары тарифтер қойылуы болып табылады. Жаңартылатын энергия көздері, әсіресе Қазақстанның шалғайдағы және энергияға тапшы аймақтарында экономикалық тұрғыдан ақталуы мүмкін. "Жасыл экономика" концепциясы қазіргі заманғы әлемде үлкен мәнге ие.

Өкінішке орай, күн энергетикасы онда қолданылатын күн элементтерінің пайдалы әсерінің жоғары коэффициентімен ерекшеленбейді (орташа алғанда, пәк мәні 14-18% - ды құрайды), бұл күн инсоляциясы жыл мезгілінің өзгеруімен қатты түрленетін аймақтарда оның қолданылуының әлеуетін шектейді. Бұл фотоэлектрлік жүйелердің әзірлеушілерін жаңа іздегістерге және генерацияланатын энергияның тиімділігін, өнімділігін және өзіндік құнын төмендетуді қамтамасыз ететін белгілі техникалық шешімдерді жетілдіруге мәжбүр етеді. Күн батареясының негізгі элементі болып табылатын фотоэлектрлік түрлендіргіштің энергия өндіруінің тиімділігіне географиялық және климаттық жағдайлар, сондай-ақ ФЭА бетіне сәулелердің құлау бұрышы әсер етеді. Соңғы аспект күн батареяларының бетін күн сәулесінің ішінде автоматты түрде бағыттау құрылғыларының арқасында реттелуі мүмкін. Бұл құрылғы Күн трекері деген атау алды. Күн трекерлерде орнатылған панельдер белгіленген панелдерден көбірек Күн радиациясын алады. Бұл таңғы және кешкі сағаттарда күн сәулесінің құлау бағыты бекітілген панель жазықтығына параллель болуынан туады.

Дипломдық жобаның мақсаты-күн сәулесін бақылайтын трекердің алгоритмін және оның шағын екі осьті прототипін құру. Осы мақсатқа жету үшін келесідей тапсырмалар орындалуы қажет

- Аспан механикасын зерттеп кез келген уақытта Күннің Көкжиектегі биіктігін және Азимутын анықтайтын формула құру

- Күн трекер прототипінің функционалды және принципіалды схемасын құру. Proteous бағдарламасында модельдеу. Шағын макетін құру

- AVR STUDIO 4 бағдарламасына Ассемблер тілінде жұмыс кодын жазу

1 Күн бақылау жүйесінің жіктелуі және негізгі компоненттері

Қазіргі заманғы күн қадағалаушы жүйелер өте алуан түрлі және баға жағынан, жобалау және басқару принциптері бойынша айтарлықтай өзгеруі мүмкін. КБЖ-ға қойылатын негізгі талаптар IEC 62817–2014 халықаралық стандартқа сәйкес анықталған, онда күннің орналасуын бақылау жүйелерінің негізгі сипаттамалары, олардың жіктелу ерекшеліктері және сынақ әдістері көрсетілген. Айналу осьтерінің саны мен бағыты бойынша күн трекерлері бір осьтік (single axis trackers - SAT) және екі осьті (dual axis tracker - DAT) болып жіктеледі. Екі осьтік жүйелермен салыстырғанда, бір осьті күн трекерлері қарапайым дизайнға ие және сәйкесінше арзанырақ, сондықтан олар ең көп сұранысқа ие. Трекер түрін таңдау көптеген факторларға байланысты, оның ішінде монтаж өлшемі, электр параметрлері, жер шектеулері, ендік және жергілікті ауа-райы жағдайларына тәуелді.


1.1 Бір осьтік трекерлер

Бір осьтік трекерлер, аты айтып тұрғандай, күнді қадағалай алатын бір ғана оське ие. Әдетте олар солтүстік меридианның бойында орналасады, бірақ кейбір трекерлерде қолданылатын жетілдірілген алгоритмдер оларды кез-келген координаталық бағытта орналастыруға мүмкіндік береді. Бір осьті Күнді бақылау жүйелерін монокоординаты деп те атауға да болады. Бір осьті трекерлердің өздері бірнеше топқа жіктеледі. Олардың қатарына горизонтальді бір осьті трекерлер (HSAT), көлбеу модульдері бар горизонтальді бір осьті трекерлер (HTSAT), вертикальді бір осьті трекерлер (VSAT), көлбеу бір осьті трекерлер жатады (TSAT) және бір осьті полярлықты түзету трекерлері (PSAT). Модульдің трекердің осіне қатысты бағыты жүйенің тиімділігін модельдеу кезінде маңызды. Құрылымдардың әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ негізгі қолдану жағдайлары бар.

1.1.1 Горизонталды бір осьті трекер (HSAT)

Аты айтып тұрғандай, бұл трекерлердің бақылау осі жерге қатысты көлденең. HSAT әдетте үлкен генерацияланатын жүйелерде қолданылады. Бұл трекерлер төмен енді аймақтарда тиімдірек келеді. Көлденең трекерлерде әдетте панель беті айналу осіне параллель болады. Бұл типтегі трекерлер солтүстік-оңтүстік сызығына бағытталған және жер үсті дүрбісінің бетінде бір немесе бірнеше панельдер жалғануы мүмкін. Құрылғының өзіндік құнын төмендету үшін, бір осьті горизонталь трекерлерінің айналу осінің екі шетіндегі тіректер көптеген трекерлерге бөліп жалғау қажет. Панельдер горизонтальді жалғанғандықтан, ось құбырында өз-өзін көленкелеу қауіпінсіз ықшамды орналасуы мүмкін және тазалық үшін қол жетімді. Көлденең бір осьті

трекерлердің ұзын көлденең дүрбісі тірекпен немесе жақтаумен мойынтірек арқылы ұсталып тұр. Панельдер дүрбінің бойында орналастырылған , және дүрбі өз осімен күні бойы) күннің көрінетін қозғалыстарын бақылау үшін айналатын болады. HSAT өзінде үлкен энергетикалық мүмкіндіктер мен басқа трекерлерге қарағанда өнім бағасының төмендігімен ,сонымен қатар орналастырғанда және қолданыста шығындардың төменділігімен ерекшеленеді. Одан басқа, күннің екінші жартысында жоғары көрсеткіштер,бұл өндірістің ең жоғары уақыт талабына сәйкес үлкен желілер үшін аса қажет. HSAT жүйелері өз өнімділігін көктем мен жаз уақыттарында ,күн аспанда жоғары болғанда көбейтеді .



1.1 сурет- Горизонталды бір осьті трекер (HSAT)

1.1.2 Көлбеу модульдері бар горизонтальді бір осьті трекерлер (HTSAT)


Бұл трекерлер HSAT трекерімен бірдей жұмыс принциптерін иеленеді, солтүстік-оңтүстік бағытындағы сызық бойында дүрбінің көлденең осін сақтай отырып , күні бойы күн модульдерін шығыстан батысқа қарай айналдырады. Тек айырмашылығы HSAT модулі көлденең бағытта 0 градус бұрышында монтаждалады,ал HTSAT модульдері белгілі бір еңкею градусында орналастырылады. Бұл трекерлер биік таулы аймақтарға көбірек келеді(қолайлы).HTSAT трекерлерінде, HSAT және VSAT трекерлерінің артықшылықтарын біріктіруге тырысады сонымен қатар олар азырақ орын алады. Осылайша ,ол көлденең трекерді VSAT артықшылықтарымен қамтып, күн жобасының жалпы құнын түсіріп, қолжетімдірек болып келеді.



1.2 сурет - Көлбеу модульдері бар горизонтальді бір осьті трекерлер (HTSAT)

1.1.3 Вертикальды бір осьті трекерлер (VSAT)


VSAT айналу осі жерге қатысты вертикалды орналасқан. Егер сіз күн ұзақтығы көп жаз мезгілімен күн жолы өте жоғары емес таулы аймақта болсаңыз, онда бұл трекер HSAT-қа қарағанда тиімдірек болады. VSAT жүйесімен жабдықталған панельдерді қатарға орнатқан кезде, қажет емес қуат жоғалуын болдырмау және жерді пайдалануды оңтайландыру үшін, панель айналу кезінде бір панельдің екіншісіне көлеңке түсірмейтіндей етіп орналасуды мұқият қарастырған жөн. Әдетте VSAT трекерлерінің жұмыс беті (фотоэлементтермен) айналу осіне қатысты бағытталған белгілі бір бұрышқа ие. Яғни, оның бекітілген көлбеуі бар.



1.3 сурет - Вертикальды бір осьті трекерлер (VSAT)

1.1.4 Көлбеу бір осьті трекерлер (TSAT)

Горизонтальді және вертикаль айналу осьтері бар Күн бақылау жүйелерінің ортасында орналасқан жүйе көлбеулі бір осьті Күн бақылау жүйесі ретінде саналады. Желдің кедергісін төмендету және бөктің биіктігін азайту үшін трекердің еңкею бұрышы жиі шектеледі. Модуль бақылау кезінде айналу осіне қатысты айналымы симметриялы болып келетін цилиндрді бұрады. Мұндай бақылау жүйелерін экваторлық бақылау жүйелері деп те атайды.



1.4 сурет - Көлбеу бір осьті трекерлер (TSAT)

1.1.5 Бір осьті полярлықты түзету трекерлері (PSAT)

Көлбеу униаксиалды трекердің ғылыми қызықты нұсқасы - PASAT полярлықты теңестіретін бір білікті трекерлер. Бір осьті көлбеу трекерді нақты орындау кезінде иілу бұрышы қондырғының еніне тең болады. Бұл трекердің айналу осін Жердің айналу осімен туралайды. Олар қатты жел профиліне байланысты сирек қолданылады.

1.2 Екі осьтік трекер

Күн энергиясын қолданудың максималды тиімділігі қос осьті трекер көмегімен қамтамасыз етіледі. Бір осьтік трекерлерден айырмашылығы, екі осьтік трекерлер үнемі күнге қарайды, себебі олар екі түрлі бағытта қозғала алады. Қос осьтік трекерлердің басты артықшылығы-олардың энергия өндірісін барынша арттыру қабілеттілігінде. Дегенмен, олардың механикалық күрделілігі неғұрлым жоғары дәрежеге ие, бұл оларды қымбатырақ етеді және белгіленген

қызмет мерзімі ішінде көп қызмет көрсетуді талап етеді. Жерге қатысты бекітілген осьті негізгі ось деп санауға болады. Негізгі оське байланысқан осьті екінші ось деп санауға болады. Екі осьтік трекерлердің таралған бірнеше іске асырылу жолдары бар. Олар негізгі осьтердің жерге қатысты бағдарлауы бойынша жіктеледі. Екі кең таралған түрлері- тірек бағанында айналу осі бар қос осьті трекерлер (tip-tilt dual axis tracker – TTDAT) және басты ось тік болып табылатын, тірек жазықтығы бар трекерлер (azimuth-altitude dual axis tracker – AADAT). Трекер осіне қатысты модульдің бағдары өнімділікті моделдеу кезінде маңызды. Әдетте DAT модульдері екінші айналу осіне параллель бағытта алған болады

1.2.1 Екі осьтік трекер Tip-Tilt (TTDAT)

Атауынан көрініп тұрғандай, көлбеу басы бар екі осьтік трекер (TTDA) тіреудің жоғарғы бөлігінде орнатылған панельдер массивін қамтиды. Әдетте шығыс-батыс қозғалысы, подшипик орнатылған полюстің жоғарғы жағындағы массивтарды қозғалысқа келтіру арқылы іске асады. Айналымды мойынтіректің жоғарғы бөлігінде панельдердің вертикалды айналуын қамтамасыз ететін Т - немесе Н-тәрізді механизм орнатылған және ол массив үшін бекітудің негізгі нүктелерін қамтамасыз етеді. Орнату құнын азайту үшін екі осьті трекердің негізгі айналу осінің екі ұшындағы тіректерді трекерлер арасында бөлуге болады. Әдетте трекерлер күн аспанда төмен болған жағдайда бір трекердің басқасын көлеңкеленуін болдырмау үшін өте төмен тығыздықта орналасуы тиіс. TTDAT трекерлерінің артықшылықтары-конструкцияның қарапайымдылығы және аумақтық орналасуының үлкен икемділігі, бұл оларды жеке қолдану мақсатындағы шағын қуатты ФЭС ретінде де, ірі энергетикалық жобаларда да пайдалануға мүмкіндік береді.



1.5сурет - Екі осьтік трекер Tip-Tilt (TTDAT)

1.2.2 Азимут-биіктік екі ось трекері

Екі осьтік азимут-биіктік трекері (немесе alt-azimuth) (AADAT) жерге қатысты вертикалды негізгі азимуталды оське ие. Осылайша, биіктік осі деп те аталатын екінші ось бастапқы оське нормаль болып табылады. Олар TTDAT-қа ұқсас, бірақ олар массивті айналдыру тәсілдерімен ерекшеленеді. AADAT трекерлерінде тірек конструкциясы ретінде үлкен сақина пайдаланылады, олар роликтерге немесе подшипниктері бар үлкен платформаларға орнатылады. Мұндай конструктивті шешімнің артықшылығы, TTDAT жүйелеріндегідей салмақ жүктеменің бір нүктесіне ғана емес, күн батареясының салмағы сақинаның бөліктері бойынша біркелкі таралуы болып табылады. Бұл AADAT-ға күн панельдерінің немесе шағылыстырғыштардың көп массивін орналастыруға мүмкіндік береді және осы типтегі трекерлерді үлкен қуатты күн батареялары бар ФЭЖ-де және жоғары жел жүктемелері бар аудандарда пайдалануға мүмкіндік береді, алайда мұндай жүйелер қымбат болып табылады және AADAT жүйесі сақина диаметрінен бір-біріне жақынырақ орналаса алмайды, бұл жүйе тығыздығын төмендеуіне алып келеді.



1.6 сурет - Азимут-биіктік екі ось трекері

1.3 Күн трекерінде қолданылатын жетек

Күн трекерінің жетегі айналу осінің айналасында КБЖ жылжуын қамтамасыз етеді. Жетек түрі бойынша электр жетегі, гидрожетегі және пассивті жетегі бар жүйелерді ажыратады.

1.3.1 Электр жетегі

Күн бақылау жүйелесінде кеңінен қолданылатыны электр жетегі болып табылады, оларда атқарушы құрылғылар ретінде әртүрлі типтегі электр машиналары қолданылады: сызықтық, кадамдық, сервомоторлар және т.б. ССС электржетегінің негізгі сипаттамалары: атқару құрылғысының типі, оның номиналды қуаты, қуат кернеуінің параметрлері, бақылау режимінде тұтынылатын қуат шамасы, электр энергиясын орташа тәуліктік немесе жылдық тұтынуы болып табылады.

1.3.2 Гидрожетек

Гидрожетекте гидравликалық қысымның пайда болуы үшін сорғылар қолданылады. Қысым гидрожүйе арқылы атқарушы гидромоторларға немесе цилиндрлерге беріледі, олар өз кезегінде қысымды айналмалы немесе

сызықтық қозғалысқа түрлендіреді және Күнді бақылау жүйесін айналу өсі бойынша жылжуын қамтамасыз етеді.

1.3.3 Пассивті жетегі

Пассивті жетегі бар Күнді бақылау жүйелерінде ось бойынша қозғалыс жұмыс сұйықтығы қысымының өзгеру есебінен қамтамасыз етіледі. Қысымның айырмашылығы әр түрлі дәрежедегі көленке есебінен құрылған жылу градиенттерінің нәтижесінде пайда болады. Күн бақылау жүйесі қысым теңгерімсіздігін теңестіру үшін қозғалады.

1.3.4 Бақылау бойынша нұсқаушы

Кейбір дамушы елдерде дискілер трекерді бағыттайтын операторлармен алмастырылған. Бұл сенімділік жағынан, қызмет көрсете алатын персонал болуынан және сол мекенге жақын орналасқан халықты жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ету жағынан артықшылықтарын береді.

Сіз жүйені қолмен немесе қосқыштар арқылы басқару сигналдарын актуаторларға бере отырып бағыттай аласыз. Бірақ мұндай әдіс негізінен қандай да бір уақыт кезеңінде тиісті көлбеу бұрышы қойылған кездегі трекерлердің маусымдық бағдарлауы үшін ғана қолайлы. Бұл ретте бағдарлау дәлдігі үлкен емес, оператор үнемі трекердің жаңында бола алмайды, сондықтан бұл әдіс кең таралмаған, бірақ аз бюджеттік жүйелерде маусымдық бағдарлау үшін ол өте ыңғайлы.


1.4 Күн трекерінің басқару тәсілі бойынша жіктелуі

Басқару жүйесінің негізгі сипаттамасы ретінде бақылау алгоритмі десек болады. Тәжірибеде күннің жағдайын қадағалаудың екі негізгі алгоритмі қолданылады – астрономиялық және жарық датчиктері бойынша.

Техникалық іске асырудың қарапайымдылығы салдарынан бірнеше фотоқабылдағыштардың көмегімен бақылау алгоритмі жиі қолданылады. Фотоқабылдағыштар-аспандағы күннің орны туралы ақпаратты алатын датчиктер, оның жұмыс істеу принципі күн батареясын аспандағы жарықтың максималды қарқындылығына орналастыруға негізделген. Олар барлық фотоэлементтердегі жарық ағыны бірдей болатын сәтке дейін басқарушы сигналдарды актуаторларға береді. Күннің қозғалысы салдарынан туындаған жүйенің тепе-теңсіздігі күн көзіне қарай жаңа қозғалысты жасауға импульс береді. Мұндай құрылғылардың принципіалдық сұлбалары қарапайым және арзан келеді. Жарық датчиктері бар трекер жүйелерінің маңызды кемшілігі -

бұлтты ауа-райында, қарқынды жаңбыр мен фотодетекторлардың ластануы кезінде жұмыс істемеуі.

Астрономиялық алгоритмдер неғұрлым сенімдірек жұмыс жасайды. Соның ішінде ең жоғары тиімділік күн позициясы алгоритмімен (SPA) қамтамасыз етілген, оның жұмыс принципі күн трекерінің орналасқан жерінің көрсетілген параметрлері бойынша күн батареясының оңтайлы орналасу бұрыштарын бағдарламалық есептеу негізінде құралған: ендік, бойлық, теңіз деңгейінен биіктігі



1.7 сурет - Көкжиектегі күн қозғалысы

Тіктеме сызық (немесе тік сызық) – тік бойынша орналасқан, аспан сферасының орталығы арқылы өтетін тік сызық. Тіктеме сызықтың жоғарғы нүктесі зенит (Z), төменгі нүктесі надир (Z') деп аталады.

Шын (математикалық, немесе астрономиялық NEWS шеңбері) горизонт - аспан сферасының үлкен шеңбері, оның жазықтығы тіктеме сызыққа перпендикуляр. Шын горизонт аспан сферасының бетін екі жарты сфераға бөледі: төбесі зенитте орналасқан көрінетін жартысфера және төбесі надирде орналасқан көрінбейтін жартысфера. Шын горизонт бақылау нүктесінің жер бетінен көтеріңкілігіне, сондай-ақ атмосферадағы жарық сәулелерінің қисық болуына байланысты көрінетін горизонтпен сәйкес келмейді.

Айналасында тәуліктік айналым жүретін аспан сферасының диаметрі әлемнің осі (PP') деп аталады. Әлемнің осі Жердің айналу осіне сәйкес келеді. Әлемнің осі аспан сферасының бетімен екі нүктеде қиылысады - әлемнің солтүстік полюсі және әлемнің оңтүстік полюсі. Аспан сферасының көрінімдік айналымы Жердің өз осінен айналуына қарама-қарсы бағытта жүреді.

Жазықтығы әлемнің осіне перпендикуляр аспан сферасының үлкен шеңбері аспан экваторы (QQ'). деп аталады. Аспан экваторы аспан сферасын екі жартышарға бөледі: солтүстік және оңтүстік.

Аспан меридианы ($ZPQZ'P'Q'$) - бақылаушының полюсі мен зениті арқылы өтетін аспан сферасындағы үлкен шеңбер. Оның N нүктесінде шын горизонтпен қиылысуы солтүстік нүктесі, ал S нүктесінде қиылысуы оңтүстік нүктесі деп аталады.

Аспан экваторының шын горизонтпен E нүктесінде қиылысуы шығыс нүктесі, W нүктесінде - батыс нүктесі деп аталады.

Талтүстік сызық - N және S нүктелерін жалғайтын түзу сызық.

Шырақтың тәуліктік параллелі (KCK_1) – аспан экваторына параллель шырақ арқылы жүргізілген аспан сферасындағы кіші шеңбер.

2.2 Координаталық жүйелер

Әр аспан шырағына сфера орталығын шырақтың орталығымен байланыстыратын түзу сызық оны қиып өтетін аспан сферасындағы нүкте сәйкес келеді. Аспан сферасындағы шырақтардың күйі мен көрінетін қозғалыстарын зерттеу кезінде сфералық координаталардың бір немесе басқа жүйесі таңдалады. Шырақтардың аспан сферасындағы күйін есептеу аспан механикасы мен сфералық тригонометрияның көмегімен жүргізіледі және сфералық астрономия пәні болып табылады.


Аспан координаттар жүйесі астрономияда шырақтардың аспандағы орнын немесе жорамалды аспан сферасындағы нүктелердің орнын сипаттау үшін қолданылады. Шырақтар мен нүктелердің координаталары градусық немесе сағаттық шамамен өрнектелетін, сфераның үлкен доғаларын білдіретін екі шамамен беріледі. Осылайша, аспан координаттарының жүйесі сфералық

координаттар жүйесі болып табылады, онда үшінші координат - қашықтық - көбінесе белгісіз және рөл атқармайды.

Аспан координаттарының жүйелері бір-бірінен негізгі жазықтықты (негізгі жазықтықты қараңыз) және есеп басын таңдауымен ерекшеленеді. Қойылған міндетке байланысты бір немесе басқа жүйені пайдалану ыңғайлы болуы мүмкін, дегенмен аспан шырақтарының аспан сферасындағы орны екі сфералық координаттармен нақты анықталады. Ең жиі қолданылатын көлденең және экваторлық координат жүйелері. Сирек - эклиптикалық, галактикалық және басқалар.

Күннің орталығы жыл бойы эклиптика деп аталатын сфераның үлкен шеңберінің айналасында қозғалады. Бұл көрінімдік қозғалыс Жердің Күн айналасында айналуымен байланысты орын алады; бағыты бойынша ол аспан сферасының тәуліктік айналымына кері.

Көлденең координаталар жүйесі:



2.2 сурет -Горизонтальді координаталар

Бұл жүйеде шырақтың орны анықталатын негізгі шеңберлер шын горизонт және аспан меридианы болып табылады; олар, өз кезегінде, шырақтың биіктігі (h) және оның азимуты (A) координаттары болып табылады.

Шын горизонттың жазықтығы мен аспан сферасының ортасынан шыраққа бағыт бағыты арасындағы доғасы шырақтың биіктігі h деп аталады. Биіктікті шын горизонттың жазықтығынан шырақтың альмукантаратына дейінгі доғасымен де өлшеуге болады. Биіктік 0-ден $\pm 90^\circ$ -қа дейін өлшенеді.

Шырақтың оң биіктіктері зенитке, ал терістері надирге қарай есептеледі, яғни горизонттың үстінде орналасқан шырақтар оң биіктікке, ал горизонттың астында орналасқандар теріс биіктікке ие болады.

$$h = \arcsin (\cos t \cdot \cos \delta \cdot \cos \varphi + \sin \varphi \cdot \sin \delta) \quad (2.1)$$

Азимут A – талтүстік сызық (шамамен айтқанда, оңтүстікке бағыт) және мат.горизонт жазықтығының шырақтың тік шеңбер жазықтығымен қиылысу сызығы арасындағы бұрыш. Ол оңтүстік нүктесінен аспан сферасының тәуліктік айналым бағыты бойынша $0^\circ \dots 360^\circ$ аралығында немесе 0° -ден $+180^\circ$ -ге дейін батысқа және 0° -ден 180° шығысқа қарай есептеледі.

$$A = \text{arcctg}(\text{ctgt} \cdot \sin \varphi - \text{tg} \delta \cdot \cos \varphi \cdot \text{cosect}) \quad (2.2)$$


Шырақтың көлденең координаттары Жердің тәуліктік айналымына байланысты үнемі өзгеріп отырады.

Аспан сферасының айналуы кезіндегі координаттардың өзгеруі

Шырақтардың биіктігі h , зенит қашықтығы z , азимуты A және сағаттық бұрышы t аспан сферасының айналуына байланысты үнемі өзгеріп отырады, өйткені олар осы айналумен байланысты емес нүктелерден саналады. Шырақтардың қисаюы δ , полярлық қашықтығы p және тік шығуы α аспан сферасының айналуы кезінде өзгермейді, бірақ олар тәуліктік айналыммен байланысты емес шырақтардың қозғалуына байланысты өзгеруі мүмкін.

Көрініп тұрғандай, көлденең координаталарды есептеу үшін, шырақтың қисаюы мен сағаттық бұрышын есептеу керек. Бұл координаттар бірінші экваторлық координаттар жүйесіне қатысты, мұнда негізгі жазықтық аспан экваторының жазықтығы болып табылады.

Экваторлық координаталар жүйесі:



2.3 сурет -Экваториальді координаталар

Бұл жүйеде (12-сурет) шырақтың орны анықталатын негізгі шеңберлер аспан экваторы және аспан меридианы болып табылады. Координаталар: шырақтың қисаюы δ , оның сағаттық бұрышы t .

Шырақтың қисаюы- бұл аспан экваторының жазықтығы мен шырақтың бағыты арасындағы бұрыш. 0° -ден $\pm 90^\circ$ -қа дейін өлшенеді (оң мән

экватордан солтүстікке қарай, теріс мән – оңтүстікке қарай). Бір географиялық ендікте талтүсте Күннің зенит қашықтығының немесе биіктігінің өлшемдерімен (яғни оның жоғары кульминация сәтінде) Күннің жыл ішінде қисаюы $+23^{\circ} 27'$ бастап $23^{\circ} 27'$ дейінгі аралықта, нөл арқылы өтіп жылына екі рет өзгеретіні анықталды.

$$\delta = 23,45 \left[\frac{360}{365} (N + 284) \right] \quad (2.3)$$

Аспан меридианының батысына қарай аспан экваторының бойымен өлшенген бұрыштық қашықтық (оның ең жоғары кульминация сәтінде шырақтар кесіп өтетін бөлігі) аспан сферасындағы таңдалған нүктеден өтетін сағат шеңберіне дейін. Жұлдыздың сағаттық бұрышы жұлдыздық уақыттан жұлдыздың тік шығуының айырымына тең болады. Сағаттық бұрыш 24 сағат = 360° ($1 \text{ сағат} = 15^{\circ}$, $1 \text{ мин} = 15'$) негізінде сағаттық өлшеммен өрнектеледі.

$$t = T_{\text{ш.к}} - 12:00\text{с} \quad (2.4)$$

Шын күн тәуліктері – Күннің екі бір атаулы кезекті орталық кульминациялары арасындағы уақыт аралығы. Шын Күн уақытын жергілікті уақытты, сағаттық белдеуді және бақылау нүктесінің бойлығын біле отырып есептеуге болады:

$$T_{\text{ш.к}} = T_{\text{о.к}} + EOT, \text{ немесе } T_{\text{ш.к}} = UTC + \lambda + EOT \quad (2.5)$$

мұндағы $T_{\text{о.к}}$ – Жердің бір нүктесінде күннің орташа уақыты (нүктенің бойлығына байланысты), UTC – бүкіләлемдік үйлестірілген уақыт, λ – сағат бірлігіндегі бақылау нүктесінің бойлығы, EOT – уақыт теңдігі.

Бүкіләлемдік үйлестірілген уақытты жергілікті уақыттан (T_m) және сағат белдеуінен (N) есептеуге болады: $UTC = T_m - N$. Орналасу бойлығы λ нөлдік меридианнан (шығыс бойлық) 0° бастап 180° дейін шығысқа қарай және 0° бастап -180° дейін батысқа қарай (батыс бойлығы) өлшенеді. Жоғарыда келтірілген формулаға алмастыру кезінде бойлықты сағат бірлігіне айналдыру керек ($1^{\circ} = 4 \text{ мин}$).

Уақыт теңдеуі EOT күннің орташа уақыты мен шын күн уақыты арасындағы айырмашылықты көрсетеді, өйткені Күннің тәуліктік қозғалысы Жер орбитасының эллиптілігіне, сондай-ақ Жердің осінің эклиптикалық жазықтыққа бейімделуіне байланысты біркелкі емес:

$$EOT = 9,87 \cdot \sin 2B - 7,53 \cdot \cos B - 1,5 \cdot \sin B, \quad (2.6)$$

мұндағы $B = (360^{\circ} (N-81))/365$, N – күннің жыл ішіндегі реттік нөмірі.

2.3 Алматы қаласы үшін күн шырағының координатасын есептеу

Алматы 77 бойлықта және 43 ендікте орналасқан

Алматы үшін кез келген уақыт моментіге Күн координаталары келтірілген формулалар бойынша келесідей анықталады. Есеп 2-ші шілде сағат 12:00 үшін алынған

UTC=12:00-6=6:00 Алматы 6-шы сағаттық белдікте орналасқан

77° ендік сағат бірлігінде 5:08 тең

$B = (360^\circ (N-81))/365 = 71$ N=153 ол 2-ші шілденің жылдық кезегі

$EOT = 9,87 \cdot \sin 2B - 7,53 \cdot \cos B - 1,5 \cdot \sin B = 9,87 \cdot \sin 142 - 7,53 \cdot \cos 71 - 1,5 \cdot \sin 71 = 6,12 - 2,48 - 1,425 = 2,215$

$T_{ш.к} = UTC + \lambda + EOT = 6:00 + 5:08 + 0:2 = 11:10$

$t = T_{ш.к} - 12:00 = 11:10 - 12:00 = -50$ минут, градуста = -12,5°

$\delta = 23,45 \left[\frac{360}{365} (N + 284) \right] = 22.277^\circ$

$h = \arcsin (\cos t \cdot \cos \delta \cdot \cos \varphi + \sin \varphi \cdot$


$\sin \delta) = \arcsin (0,98 \cdot 0,73 \cdot 0,92 + 0,38 \cdot 0,65) = \arcsin (0,92) = 66.92^\circ$

$A = \text{arcctg}(\text{ctgt} \cdot \sin \varphi - \text{tg} \delta \cdot \cos \varphi \cdot \text{cosect}) = \text{arcctg}((-4.5) * 0.68 - 0.4 * 0.73 * (-4.62)) = \text{arcctg}(-3.06 + 1.34) = 149.826^\circ$

3 Күн жүйе макетінің схемасы

Дипломдық жұмыстың мақсаттарының бірі екі осы ті Күн бақылау жүйесінің шағын макетін жасау болып табылады. Сол орайда төменде шағын күн трекерінің функционалды және принципіалды схемалары көрсетілген. Дегенмен SPA алгоритмін аппараттық тұрғыда толықтай жүзеге асырады.

3.1 Трекердің функционалды схемасы




3.1 сурет -Трекердің функционалды схемасы

Бұл Күн бақылау жүйесі RTC модулінің негізінде құрастырылған. RTC модулі дәл қазіргі уақыт ағымын көрсету үшін қажет. Ол модульден келген ақпарат Орталық басқару процессорінде алдын ала енгізілген алгоритм бойынша есептеліп электржетектердің бұрылу бұрышы және бағыты тағайындалады. Сол жетектердің бағыты негізінде Күн панелінің Көкжиектегі Зенитті және Азимуталды позициясы анықталады. Сол арқылы Күн панелі жалғанған аккумуляторды зарядтайды, және сол аккумулятордың қуатынан бақылау жүйесі қоректенеді. Ағымдағы уақыт шамасы LCD модулінде көрсетіліп тұрады.

3.2 Трекердің принципіалды схемасы

Бұл жұмыс макетін жасау барысында тек дайын модульдер қолданылды.



3.2 сурет -Трекердің принципіалды схемасы

Бұл жүйенің басты құрылғысы ATMEGA 16 микроконтроллері болып табылады.

ATMEGA 16 микроконтроллерінің басты сипаттамасы

VR RISK архитектурасы негізінде құрастырылған:

-125 тез жылдамды командалары бар, олардың көпшілігі бір такт циклінде орындалады

-8-разрядты 32 жалпы мақсаттағы регистрлерден тұрады

-Тактілік жиілігі 16МГц

Жады:

-16 КБайтты Flash жады

-512 байт EEPROM

-1 КБайт Оперативті сақтау жадысы

Енгізілген периферия :

-Арнайы бөлгіші бар екі 8-разрядты санауыш таймері бар, олардың біреуі салыстыру режимінде жұмыс жасай алады

-Бір 16-разрядты таймер


-4 PWM каналы

-10 разрядты 8 АСТ каналы бар

-Жұмыс кернеуі 4,5-5,5В

-Жұмыс істеу жиілігі 0-16МГц

Lm016l индикаторы:




3.3 сурет -Lm016l индикаторы

Мұндағы:

- GND-жер (кейде VSS жазады);
- Vcc қуат кернеуі +5В (кейде Vdd жазады);
- Vo-0В-дан +5В-ға дейінгі контраст кернеуі, бұл қорытындыны реттеу үшін потенциометрге қосу керек;
- RS - дисплей оған деректер не пәрмендер түсетінін анықтайды;
- RW-дисплей Деректерді жіберуді немесе алуды анықтайды;
- E-синхрондау сызығы;
- D0 – D7-командалар/деректер шинасы;
- LED +, LED - - жарық беруге арналған қорытындылар;

Дисплей 2 режимінде жұмыс істей алады: 8 биттік (яғни, ақпарат алмасу үшін D0-дан D7-ге дейінгі байланыстар пайдаланылады) деректер бір тактқа жіберіледі, 4 разрядтық (алмасу үшін тек D4 – D7 байланыстары ғана қолданылады), бұл жағдайда деректер 2 тактта беріледі, алдымен алғашқы 4 бит, одан кейін келесі 4 бит ақпараты жіберіледі. Біз микроконтроллердің шықпаларын үнемдеу мақсатында 4 разрядтық режимді қолданамыз

DS1307:



3.4 сурет -DS1307 модулі

Мұндағы:

- Қуат кернеуі: 5В;
- Жұмыс температурасы: - 40°C ... + 85°C;
- Жады: 56 байт (энергияға тәуелді);
- Батарея: LIR2032 (автоматты қуат көзін анықтау);
- Интерфейс: I2C;
- Өлшемдері: 28мм x 25мм x 8 мм;

DS1307 уақытты есептеуге арналған шағын модуль. Литий батареикасынан (LIR2032) қоректендіруді жүзеге асыратын ds1307zn микросхема базасында жиналған, бұл ұзақ уақыт бойы автономды жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, модульде көлемі 32 Кбайт (AT24C32) EEPROM энергияға тәуелсіз жады орнатылған. Мекен-жайлар мен деректер екі сымды екі бағытты шина бойынша дәйекті түрде беріледі. AT24C32 және DS1307ZN микросхемасы I2C жалпы шиналық интерфейсмен байланысты.

DS1307 модулін пайдалану көбінесе өте ақталған, мысалы, деректер сирек, бір аптадан астам аралықпен саналған кезде, контроллердің меншікті ресурстарын пайдалану орынды емес немесе мүмкін емес.

- VCC негізгі қорек көзі;
- X1, X2 32.768 кГц кварц резонаторының қосылуы;
- VBAT қосалқыбатарея жалғану кірісі(+3 В);
- GND ортақ шина;
- SDA ақпараттың кіріс шығыс тасымалы;
- SCL тізбекті байланыс синхронизациясы;


L298 – екі бағытты жүктемелерді басқаруға арналған екі көпірлі сұлба болып табылады. Ол 2А-ге дейін және 4,5- 46В кернеу аралығында жұмыс жасайтын жүктемелерге негізделген. Сұлба релелерді, соленоидты, қадамдық жетектерді қозғалтуға арналған. L298 драйверінде логикалық сұлба және жүктеме бөлек қоректенеді. Ол микросхемадан қарағанда көбірек немесе азырақ кернеу қажет ететін жүктеме қосуға мүмкіндік береді және шу ақаулығын азайтады.

L298 микросхемасы қызып кетуден сақтайтын еңгізілген қорғанысы бар. Жүйенің шығысы тек $+70^{\circ}\text{C}$ температурасы кезінде ғана өшеді.

- Vss — Қозғалтқыш кернеуі 4,5- 46В аралығында;
- GND- ортақ жер;
- Vs- логикалық сұлбаның кернеуі;
- ENA- А қозғалтқышының жылдамдығын басқару үшін қолданады;
- IN1 және IN2 - А қозғалтқышының бағытын басқару үшін қолданады;
- IN3 және IN4 - В қозғалтқышының бағытын басқару үшін қолданады;
- ENB - В қозғалтқышының жылдамдығын басқару үшін қолданады;
- OUT1 және OUT2 – А қозғалтқышының кірісі;
- OUT3 және OUT4 – В қозғалтқышының кірісі;

Қадамдық қозғалтқыш

